27 АҚПАН,
2025 ЖЫЛ,
БЕЙСЕНБІ
№23 (23 492)

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

● ВИЦЕ-ПРЕМЬЕРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Қарғын суға қамданыс қарқынды

Премьер-Министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев жұмыс сапары аясында Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Арынов, облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев және өңірдің төтенше жағдайлар департаменті бастығы Марғұлан Аманбаевпен бірге аймақтың су тасқыны қаупі бар учаскелерін аралады.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұқар жырау, Шет және Абай аудандары аумағындағы елдімекендер, Нұра және Шерубай-Нұра өзендерінің арналары, Самарқанд және Шерубай-Нұра су қоймалары мұқият тексерілді.

Қазіргі күнде Қарағанды облысында елдімекендерді су тасқынынан қорғау мақсатында 180-ге жуық іс-шара орындалған. 1 наурыздан жағдайды тұрақты бақылау үшін жоғары дайындық режимі енгізілмек.

Вице-премьердің жұмыс сапары Мемлекет басшысының су тасқыны қаупі бар кезеңге дайындық жұмыстарын үйлестіру бойынша берген тапсырмаларының орындалуын бақылау мақсатын көздеді.

Бүгінде облыста 150 елдімекен ерекше бақылауға алынды. Одан бөлек, 140-қа жуық автомобиль және теміржол учаскелері басты назарға алынып отыр. Өңірде 217 су шаруашылығы құрылыстары бар. Әзірге аймақта жағдай тұрақты, өзендер қысқы режимде. Судың деңгейі төмен және су аз болады деген болжам бар.

Вице-премьер аймақта су тасқынына дайындық жұмыстарының алдын ала басталғанына көз жеткізді.

Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, облыстағы инженерлік жұмыстар жоспары аясында 180-ге жуық іс-шара орындалса, оның ішінде 65 шақырым қорғаныс бөгеттері мен біліктері салынып, бекітілді. Өзен арналарының 18 шақырымнан астам су тасқыны қаупі бар учаскелеріне санация жүргізілді. 26 шақырым дренаж және су бұру жүйелері тазартылды. Автомобиль жолдарының 75 учаскесінде су өткізу қабілеті ұлғайтылған. Жанар-жағармай (ЖЖМ), инертті материал және қаптар қоры қамтамасыз етілген.

Елдімекендер аумағынан миллион текше метрден астам қар шығарылып, жұмыс жалғасуда. Сонымен қатар, су бұру орларын жасау, каналдар мен арықтарды, су өткізу құбырларын тазарту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Вице-премьер былтыр 60 үйді су басқан Шет ауданында су тасқынына қарсы шаралардың жүргізілуіне баса назар аударды. Делегация мүшелері әуеден бақылау барысында Ақсу ауылына қонып, дайындық жұмыстарымен танысты. Мұнда ұзындығы 2,3 шақырым болатын қорғаныс білігі тұрғызылған. Аудан әкімі Мұхит Мұхтаров жүргізілген жұмыстар туралы кеңінен айтып берді. Оның айтуынша, қорғаныс біліктері бекітілген, қосымша су өткізу құбырлары салынып, су өткізу құрылыстары тазартылыпты.

– Қазгидрометтің болжамынша, көктемде ауа райының күрт жылынуы күтіліп отыр. Біз Төтенше жағдайлар министрімен бірге су тасқыны қаупі бар аймақтарды айналып ұшып, тексеріп өтуді қолға алып отырмыз. Бұл жұмыс Қарағанды облысынан басталды. Былтыр су тасқыны орын алған барлық аумақты айналып өтіп, бірқатар елдімекенді араладық. Бұқар жырау және Қарқаралы аудандарында қар деңгейі нормадан жоғары. Шет ауданына келсек, қар нормадан төмен, ылғал қоры да қалыпты деңгейде. Топырақтың қатуы өткен жылмен салыстырғанда төмен. Сапар барысында облыста ауқымды жұмыс атқарылғанына көз жеткіздік. Десе де, кез келген жағдайға дайын болу керек. Болжам бойынша алда әлі қалың қар жауады және ауа райы жылынады, – деп атап өтті Қанат Бозымбаев.

Сонымен бірге, Вице-премьер дайындықты тағы бір рет пысықтап, барлық күштерді, техниканы әзірлікке келтіру керектігін баса айтты. Жағдайды күн сайын қадағалап отыру қажеттігі де мұқият тапсырылды.

– «Қамдансаң, қапы қалмайсың» демекші, қарғын су қаупінің алдын алуға байланысты атқарылып жатқан шараларды көріп, көзіміз қуанды. Өзім Шет ауданының тұрғыны болғандықтан қардың еритін мезгіліне сақадай сай тұру керек деп есептеймін. Өйткені, күтпеген жерден күн жылып кетсе, су тасып, былтырғыдай аудан тұрғындарына қауіп төндіруі мүмкін. Бұл бағыттағы атқарылып жатқан жұмыстарды өте орынды деп ойлаймын, – дейді Айдар Алпысұлы.

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Жастар үйі ашылады

Қарағандыда жастарды бір арнаға біріктіріп, идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ғимарат пайда болады. Қала әкімдігінің қолдауымен жүзеге асатын жоба Жастар ресурстық орталығының жанынан пайдалануға беріледі.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аумағы 410,5 шаршы метр болатын кең ғимарат белсенді жастар үшін заманауи кеңістікке айналады. Онда әркім өз ұсынысын білдіріп, идеясын дамыта алады. Сондай-ақ, заңгер мен психологтың тегін кеңесі, кәсіптік бағдар беру және жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша ақпараттық қолдау алуға кең мүмкіндік бар.

Жастар бір-бірінің жаңа идеялары мен жобаларына бағыт береді. Күш-жігерін біріктіріп, оған қоса түрлі мәселелері бойынша көмек көрсетеді. Ғимаратта білімін жетілдіретін, әрі пікір алысатын, оларды жан-жақты қолдауға барлық мүмкіндіктер жасайтын ортақ шаңырақ болмақ.

Жастар үйінде тренингтік студия, шеберлік сабақтарына арналған аймақ және мәдени-ойын-сауық іс-шараларына арналған алаңы бар коворкинг орталығы жабдықталады. Қазіргі таңда жобалау-сметалық құжаттама бойынша жұмыстар жүргізілуде. Ол аяқталғаннан кейін қала орталығындағы ғимарат күрделі жөндеуден өтеді.

Жаңғырған шахта, жаңарған өндіріс

ҚУАТТЫ ӨҢІР

Көмір өндіру ісі қайта жанданды. Қарағанды шахталарының екінші тынысы ашылып, кеншілер жұмысы қарқын алды. Бір кездері тұралап қалған өндіріс орындары қайта іске қосылып, «Тентек», «Қазақстан», «Костенко» және «Абай» шахталары жұмысын жалғастырды. Кен өндірісін дамытуға бағытталған «5-9-5» бағдарламасы шеңберінде үңгу бригадаларының саны артты. Жаңа да тегеурінді технологиялар енгізілуде. Бұл тек аймақ экономикасының емес, мыңдаған кеншінің өміріне серпін беретін тың өзгерістердің бастауы.

Коллажды жасаған Шынар Адамбекова

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кеншілер астанасы атанған өңірде бір кездері 26 шахта, жеті бірдей кен байыту фабрикасы болған. Аты мәшһүр «Қарағанды көмір» бірлестігінде шамамен 120 мыңға жуық адам еңбек етті. Ал, 1996 жылы «АрселорМиттал» Көмір департаментінің активтерін сатып алған кезде мұнда 15 шахта болған. Онда 60 мыңға жуық адам жұмыс істеді. Кейін уақыт өте келе, шахталардың жетеуі жабылып, тек бүгінгі күнге дейін жұмыс істеп келе жатқан 8 шахта қалды.

Қарағанды қаласында 5 шахта болса, қазір тек біреуі ғана қалды. Саран қаласындағы бес шахтаның қазір екеуі жұмыс істейді. Шахтинск өңіріндегі жеті шахтаның қазір төртеуі ғана бар. Абай ауданында төрт шахтаның біреуі ғана қалып отыр. 2023 жылы, алпауыт компания «Qarmet» деп аталған мерзімде сегіз шахтаның тек үшеуі ғана жұмыс істеп тұрды. Қалған бес шахта белгісіз себептермен көмір шығарған жоқ еді. Мұндағы үңгу бригадаларының саны тек 11 ғана болған. Бұл – шахтаның болашағына үлкен қауіп төніп тұр деген сөз. Себебі, үңгу жұмыстары жоқ жерде, шахтаның болашағы жоқ. Бүгінде әлгі 11 бригаданың саны бірден 53 бригадаға жетті. Жұмысқа жаңадан адамдар алына бастады. Тұралап қалған шахталар жұмыс істей бастады. Атап айтқанда, 2021 жылдан бері тұрған «Тентек» шахтасы, 2023 жылдан бері тұралап қалған «Қазақстан» шахтасы, апаттан кейін қайта жұмысын бастаған «Костенко» шахтасы, «Абай» шахталарында жұмыс қайта жүре бастады. Қазіргі кезде Көмір департаментінде жалпы саны 14 мыңға жуық адам жұмыс істейді.

Qarmet акционерлік қоғамының ресми веб-сайтындағы мәліметтерге сүйенсек, қазіргі уақытта жүзеге асырылып жатқан барлық жоспары «5-9-5» даму бағдарламасының аясында шоғырланып отыр. Бір мысал, 2028 жылға дейін 5 млн тонна болат, 9 млн тонна көмір өндіру, 5 млн тонна концентрат шығару межесі тұр. Барлық 8 шахтада жұмыс жанданды. Өткен жылы Көмір департаментіне қарасты 8 шахта 6,5 млн тонна көмір өндірді. 42 шақырым үңгу жұмыстары орындалды. 4 шахтада позициялау жүйесі енгізілді. Жыл соңына дейін тағы қалған 4 шахта позициялау жүйесіне қосылады. Департаментте орталық диспетчерлік қызмет іске қосылды. Ол жер астындағы кеншілердің жұмысын онлайн режимде бақылап отыруға соны мүмкіндік береді. Онымен қатар, кез келген апатты жағдайлардың алдын алуға жол ашады. Сондай-ақ, алдын-ала дегазация жобасы бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде. Жоталы жоба кеншілер көмір өндірмес бұрын жер қатпарларында сіресіп жатқан газ метанның кем дегенде 50 пайызын өндіріс жұмыстары басталмай тұрып сорып алуға мүмкіндік береді. Бүгінде 6 скважина қазылып, жұмыс істеп тұр. Осы және өзге де жұмыстар өз жалғасын тауып келеді.

Қаңтар айындағы комбинат жұмысының нәтижесі сенімді: 283 мың тонна шойын, 319 мың тонна болат, 208 мың тонна кокс және 459 мың тонна агломерат өндірілді. №1 листопрокат цехы 264 мың тонна дайын өнім шығарды, бұл жоспарланған көрсеткіштерден 3,7% жоғары. Qarmet компаниясының Бас директоры Вадим Басин ұжымға өндірісті әрі қарай нығайту және қажетті жабдықтарды модернизациялау бойынша тапсырмалар қойды. Қызметкерлердің жұмыс орындарында қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету үшін мердігер ұйымдармен жұмыс істеуді күшейтуге назар аударылды.

Жерасты жұмысшысы Асхат Назыров қолына қайла алған кеншілер табиғатынан сабырлы да төзімді болмағы шарт деп есептейді. Оның айтуынша, шахтерлік кәсіп тек физикалық күшті ғана емес, сонымен қатар, психологиялық тұрақтылықты, үлкен жауапкершілікті талап етеді.

– Жер астында жұмыс істеу – жай ғана еңбек емес, бұл – өмір салты. Мұнда әр қадам есептеулі, әр қозғалыс маңызды. Қиын жағдайларда салқынқандылық пен сабыр сақтай білу – кенші үшін басты қасиеттердің бірі, – дейді ол. Асхаттың сөзінше, көмір қабаттарының арасындағы ұзақ сағаттар бойы тынбай еңбек ету, қауіпті жағдайларда жылдам әрі дұрыс шешім қабылдау – шахтерлердің күнделікті міндеті. «Біз бір-бірімізге сенім артып, әрдайым иық тіресе жұмыс істейміз. Бұл жерде төзімділік пен сабыр болмаса, ұзақ жылдар бойы еңбек ету мүмкін емес», – деп түйіндейді сөзін тәжірибелі кенші.

Осылайша Қарағанды шахталарының қайта жануы – өңір экономикасының қанжығасына соны салым байлады. Тұралап қалған өндіріс орындарының іске қосылуы, заманауи технологиялардың енгізілуі, кеншілер санын арттыру – бұл көмір өнеркәсібінің болашағы жарқын екенін айғақтайды. Ел игілігі үшін атқарылып жатқан аталған жұмыстар мыңдаған еңбек адамының тұрақты жұмыспен қамтылуына мүмкіндік беріп, өндіріс саласына тың серпін бермек. Көмір – Қазақстанның стратегиялық байлығы, ал, оны өндіру мен игеру – ел дамуының кепілі. Шахталардағы оң өзгерістер – еңбек пен ынтымақтың жемісі, болашаққа нық қадам!

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●**EUR/KZT** 522.23 ●**USD/KZT** 498.69 ●**RUB/KZT** 5.79 ●**CNY/KZT** 68.65

Қазақстан Ұлттық Банкінің
26 ақпан, 2025 жылғы дерегі бойынша

Маңызды міндеттер межесі

Шет ауданының 27 ауылына қызмет көрсететін «Шет-Энерго» компаниясының электр желілерінің 90%-ға тозуы жергілікті тұрғындарды электр энергиясымен қамтамасыз етуіне кедергі келтіріп отыр. Аудан әкімі Мұхит Мұхтаров соңғы екі жылда апаттар санының үш есеге артқанын атап өтті. Алайда, компанияға салынған айыппұлдар да мәселені шеше алмаған. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жағдайды заңнамалық негізде бақылауда ұстауды және тұрғындардың өмір сүру сапасын бірінші орынға қоюды тапсырды. Аппараттық жиын барысында аймақта металлургиялық кластерді дамыту және ғылыми хаб құру мәселесі де кеңінен сөз болды. Облыстық кәсіпкерлік басқармасының басшысы Ирина Любарская өткен жылы 1280-ге жуық жаңа бизнес жобасы мемлекеттік қолдауға ие болғанын мәлімдеді.

Коллажды жасаған Арайлым Қоктаева

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шеттің электр жүйесінде тексеріс

Сонымен, ұзақ жылдар бойы 27 ауылға қызмет ететін «Шет-Энерго» компаниясы инфрақұрылымын жаңғыртуға мән бермеген. Жыл сайын апаттар саны артып келеді. Салдарынан аудан халқы үнемі осы түйткілмен күнделікті бетпе-бет келуге мәжбүр. Ауданда жергілікті көлемде төтенше жағдай режимі енгізілгені сәл бұрынырақ ақпарат құралдарында жарияланған еді. Қазір аккредиттелген ұйымдар желілер жағдайын тексеруге кірісті.

– Проблеманың ауқымын түсіну үшін 2023 жылы 94, 2024 жылы 300-ге жуық апат тіркелгенін, осы жылдың басынан бері 81 апат болғанын атап өткен жөн, – деді Шет ауданының әкімі Мұхит Мұхтаров. – Тұрғындар үнемі жарықтың сөнуіне шағымданады. Бизнес зардап шегуде. Әлеуметтік нысандар тұрақты энергиясыз қалып отыр.

Аудан әкімі желілердің жағдайын айғақтайтын фотосуреттерді алға тартты. Мәселен, 2023-2024 жылдардағы аумақтық энергетикалық қадағалау департаменті «Шет-Энерго» компаниясын сегіз рет тексеріп, бірқатар тәртіп бұзушылық үшін басшылыққа айыппұл салған. Бірақ, оң өзгерістер болмаған. Аумақтық энергия қадағалау департаменті басшысының міндетін атқарушы Айрат Қарамұрзиннің хабарлауынша, кәсіпорын энергия беруші ұйым талабына сәйкес келмейді. Жыл сайын әзірлік паспортын алу қажеттігі туралы нұсқама еленбеген. Директор мен бас инженер тиісті ережелерді бұза отырып, білімдерін біліктілік тексеруден өткізуді қажет деп санамаған. Ең бастысы, күрделі жөндеу тұрғысындағы жоспар жоқ.

Өз кезегінде облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев аудан электр желілерінің техникалық жағдайын бақылауды жалғастыруды тапсырды.

– Барлық іс-әрекеттер заңнамаға сәйкес болуы тиіс, ең бастысы – тұрғындардың мүдделерін қорғау. Адамдар зардап шекпеуі тиіс! – деп атап өтті өңір басшысы.

Металлургиялық кластер дамиды

Келесі кезекте облыста металлургиялық кластер дамитындығы сөз етілді. Келісімге облыс әкімдігі мен Qarmet компаниясы қол қойды. Бұл жергілікті тауар өндірушілердің әлеуетін дамытуға көмектеседі. Жалпы алғанда, экономиканы әртараптандыруға игі әсер етеді. Жаңа жұмыс орындары пайда болады. Ал, инновациялық жобаларды қолдау үшін техникалық ЖОО базасында ғылыми хаб құру жоспарлануда. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жақын арада металлургиялық кластерді дамыту жоспарын ұсынуды тапсырды. Ол, сондай-ақ, шағын индустриялық аймақтарды кеңейту және кәсіпкерлікті қолдаудың жаңа тәсілдерін іздеу қажеттігін баса белгіледі.

– Инновациялық дамуды ынталандыру және жаңа технологияларды енгізу шеңберінде Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің аясында ғылыми хаб құру мәселесі пысықталуда. Инновациялық жобаларды қолдау, стартаптар құру және технологияларды дамыту үшін инфрақұрылымды, қызметтер мен бағдарламаларды ұсыну көзделіп отыр, – деп хабарлады өнеркәсіп және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Асқар Ғазалиев.

Кәсіпкерлікті қолдаудың бірыңғай кешенді бағдарламасының іске асырылуы туралы облыстық кәсіпкерлік басқармасының басшысы Ирина Любарская баяндады. Оның айтуынша, өткен жылы 1280-ге жуық жаңа бизнес жобасы мемлекеттік қолдауға ие болған. Жобаларды субсидиялау және кепілдендіру сияқты құралдар сұранысқа ие. Оны өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындары белсенді пайдалануда. Тағы бір тиімді құрал – мемлекет есебінен қажетті инженерлік инфрақұрылымды бизнес нысандарына жеткізу. Мысалы, Теміртауда кокс өндіретін кәсіпорын үшін су құбыры желілері салынады. Сарандағы мемлекеттік қолдау аясында санитарлық-гигиеналық өнім шығаратын зауыт газға қосыла алады.

– Бағдарламаны жүзеге асыруға биыл республикалық және облыстық бюджеттен қаражат бөлінді. Субсидиялау бойынша қабылданған міндеттемелер бойынша мың жаңа жоба мен 1690 жобаны қаржыландыруды жоспарлап отырмыз. Осы жылдан бастап, қолдаудың жаңа құралы іске қосылды – бұл субсидиялау және ішкі сауда субъектілеріне кепілдік беру. Қаңтар айында қазіргі заманғы сауда форматтарын салуға және кеңейтуге бағытталған 9 жоба мақұлданды. Сондай-ақ, осы жылдан кәсіпкерлік басқармасы кәсіпкерлік қызметті жүргізуге сервистік қолдау көрсету бойынша бюджеттік бағдарламаның әкімшісі болып табылады. Ол облыстың кәсіпкерлер палатасы арқылы жүзеге асырылады, – деді Ирина Любарская.

Кәсіпкерлік өркен жайып келеді

Облыста шағын және орта бизнес тұрақты негізде өсуде. Субъектілер саны 101 мыңнан асты. Мұнда өңірдің экономикалық белсенді халқының жартысына жуығы жұмыс істейді.

– Бизнесті қолдаудың нәтижесі – экономика өсімін ынталандыру, жаңа жұмыс орындарын құру, инвестициялар тарту және салық базасын кеңейту, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

Облыс әкімдігінде өткен аппараттық кеңес аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы өзекті мәселелерді ашық талқылау алаңына айналды. Электр желілерінің тозуы мен энергетикалық инфрақұрылымдағы кемшіліктер тұрғындардың тұрмыс сапасына тікелей әсер ететіндіктен, бұл мәселеге ерекше көңіл бөлінді. Ал, металлургиялық кластерді дамыту мен ғылыми хаб құру бастамалары аймақтың өндірістік әлеуетін арттырып, жаңа жұмыс орындарын ашуға соны мүмкіндік береді. Кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларының кеңеюі бизнес қауымдастығына тың мүмкіндіктер ұсынып, өңірдің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Алдағы уақытта шағын және орта бизнестің өсуі, инвестициялардың артуы және инфрақұрылымның дамуы өндірісті өңірдің экономикалық картасындағы жаңа белестерді айқындамақ. Ең бастысы, атқарылып жатқан барлық жұмыстардың түпкі мақсаты – халықтың әл-ауқатын жақсартып, өңірдің өркендеуіне үлес қосу. Бұл бағыттағы бастамалар алдағы уақытта да өз жалғасын тауып, аймақтың тұрақты дамуына серпін беретіні сөзсіз.

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

● МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Студенттердің құқығы қорғалды

Былтыр қараша айында «Respublica» партиясының Мәжіліс депутаты Нұргүл Тау Қарағанды медицина университетінің студенттеріне қатысты мәселе көтерген болатын. Университеттің колледждік бағдарламасы лицензиясының жойылуына байланысты қиындықтар туындаған. Бұл ахуал оқу орнын қайта ұйымдастырумен байланысты орын алған еді. Осыған орай кей студенттер басқа оқу орындарын іздеуге мәжбүр болған. Ол туралы партияға 218 студенттің ата-аналарынан өтініш түскен еді.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Парламент Мәжілісінің депутаты Нұргүл Тау Қарағанды облысына іссапармен келіп, Қарағанды медицина университетінің №5 жатақханасын аралап, студенттердің жағдайымен танысты.

– Жағдайды жеке бақылауға алып, екі ай бойы жауапты министрліктер және жергілікті билікпен белсенді жұмыс жүргіздік. Университет, Ғылым және жоғары білім министрлігі, Оқу-ағарту министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, сондай-ақ Қарағанды облысы әкімдігі өкілдерінің қатысуымен бірнеше онлайн отырыстар өтті. Мәселе университет қайта құрылғаннан кейін білім беру қызметіне жаңа лицензия алу қиындықтарымен байланысты болғаны анықталды. Бұл ведомстволардың бөлінуі мен кейбір рәсімдердің реттелмеуіне байланысты туындаған.

Бүгінгі күні бұл мәселе оң шешімін тапты. Арнайы құрылған комиссияның құжаттарды егжей-тегжейлі тексерулері мен келіссөздерден кейін университет пен колледжге лицензия беру туралы шешім қабылданды. Бұл студенттерге оқуын аяқтауға мүмкіндік береді, – деді депутат.

Депутат мәселені шешуге қатысқан барлық тараптарға алғысын білдіріп, әсіресе, студенттердің әл-ауқатына қатысты жұмыс жеделдігінің маңызын атап өтті. Сонымен қатар, студенттердің оқу кезеңінде университет жатақханаларында тұру мәселесін қозғады.

Нұргүл Тау Қарағанды медицина университетінде білім беру мекемесінің басшылығымен, студенттермен және ата-аналармен кездесу өткізді. Колледж студенттерінің біліміне қатысты өзекті жайттар талқыланды.

Сурет ашық дереккөзден алынды

Аудандық және қалалық мәслихаттар депутаттығына кандидаттардың назарына!

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңның 28-бабына сәйкес, «Saryarqa aqparat» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аудандық және қалалық мәслихаттар депутаттығына барлық кандидаттар сайлау алдындағы үгіт шеңберінде өздерінің сайлау алдындағы материалдарын газетте жариялай алатынын мәлімдейді. Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіндегі 1 шаршы см. алаңының құны қосымша құн салығымен 350 теңгені құрайды.

Газет алаңын ұсыну үшін негіз ретінде аудандық және қалалық мәслихаттар депутаттығына кандидаттар бұқаралық ақпарат құралы басшысының атына жазбаша өтініші болып танылады. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы сайлауалды материалдардың жарияланымдарында қаржыландыру көзі туралы ақпарат болуы шарт екенін еске саламыз.

● ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

«Құтты мекеннен» қолдау бар

Биыл аймаққа 17 қандас келді, былтыр 530 адам немесе 232 отбасы қоныстанған. Оларды уақытша баспанамен қамтып, жұмысқа орналасуына, кәсібін ашуға көмек көрсетіледі. Мысалы, Өзбекстаннан келген Қайратбек Қыстаубаевқа жеке кәсібін ашуға қол ұшын созды. Оның жерлесі Гүлзинат Жарасбаеваның дипломын ел стандарттарына сәйкестендіру жұмыстары жүріп жатыр. Қырғызстаннан келген Анар Қыдырқұловаға азаматтық рәсімдеп, асыраушысынан айырылуына байланысты жәрдемақы тағайындалуда.

Қандастар «Құтты мекен» мобильдік қосымшасы арқылы жергілікті атқарушы органнан құжаттарды рәсімдеуге көмек сұрай алады. Еңбек ұтқырлығы орталығының мамандары әлеуметтік қолдау, жұмыспен қамту, медициналық қызмет, жер учаскесін алу, мектепке дейінгі ұйымдарға, мектепке тіркелу сынды мәселеде кеңес береді.

Негізі қандастар облысқа туыстарымен қауышу үшін келеді екен.

– Қарағанды облысы қандастарды қабылдау бойынша өңірлік картаға енбесе де, этникалық қазақтар өздігінен келеді. Олар Өзбекстан, Моңғолия, Қытай, Қырғызстан мен Ресейден келеді. Былтыр келген қандастардың 292-сі – жұмысқа қабілетті жаста. 16%-ында жоғары білімі, 45,2%-ында арнайы орта білімі бар. Сонымен қатар, кәмелетке толмаған – 204 бала, 45 зейнеткер келді. Қандастардың бірқатары медицина, педагогика, мәдениет пен спорт салаларында жұмыс табады. Ауыл шаруашылығында еңбек ететіндері бар. «Бастау Бизнес» курсын оқып, кәсібін ашқандары да кездеседі, – дейді облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Төлеу Мұхтар.

Өз тілшімізден

● ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

Адалдық жемқорлықтың алдын алады

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру азаматтардың санасында сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілікті қалыптастырады. Осы орайда оқыту тәсілдерін жетілдіре отырып, практикалық тәжірибе алмасу маңызды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінде жоғары оқу орындарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру мәселелеріне арналған республикалық семинар өтті. Семинарға мемлекеттік органдардың өкілдері, академиялық адалдық саласындағы сарапшылар мен жоғары оқу орындарының оқытушылары қатысты.

– Студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық санасында тәрбие жұмысының үлесі зор. Сондықтан, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыратын әлеуметтік маңызды іс-шараларды жоспарлау, өткізу аса қажет.

Сыбайлас жемқорлық адам өмірінің барлық саласына кері әсер етеді, әлеуметтік-экономикалық дамуды тежейді, демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына, елдің дамуына елеулі қауіп төндіреді, – деді облыс әкімі аппаратының басшысы Ерлан Ғалиев.

Сөз алған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департамент басшысы Сергей Перов студенттік ортада академиялық адалдық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы ойлауды қалыптастырды. Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесе атқарған жұмыстың өзекті бағытымен бөлісті.

Академиялық адалдық лигасының жобалық кеңсесінің басшысы Нұргүл Нұрлан «Қазақстан Республикасындағы білім берудің барлық деңгейінде академиялық адалдықты насихаттау» тақырыбында баяндама жасады.

Университет басшылығы академиялық адалдықтың он негізгі қағидатын ілгерілету және іске асыру арқылы елдегі білім беру сапасын жақсарту және арттыру миссиясын адал іске асыруға ниетті екенін атады. Кездесу барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда атқарылып жатқан шаралар, кейбір заңнамалық актілердегі өзгерістер айтылды.

Баяндамалардан бөлек семинарда Қарағанды университетінің аға оқытушысы Руслан Тоқатовтың тренингі өтті. Кездесу соңында қатысушылар сыбайлас жемқорлыққа қарсы, тұрмыстық сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі күреске қатысты сұрақтарын қойды.

Тренинг сыбайлас жемқорлыққа қарсы әдіс-тәсілдерді білім беру ортасында іс жүзінде қолдануға бағытталды. Барлық қатысушыларға семинарға академиялық адалдық қағидаттарын енгізудегі талпынысы үшін сертификаттар және Алғыс хаттар табысталды.

● БІЗДІҢ СҰХБАТ

Естай Айтуғанұлы:

Міндетіміз – халықтың ынтымақ-берекесін арттыру

Алдымызда мұсылмандар үшін аса қасиетті һәм қастерлі Рамазан айы келе жатыр. Мүміндер ас-судан бас тартып, тәнін ғана емес, жанын да сауықтыру үшін отыз күн ораза тұтады. Қасиетті ай қарсаңында ҚМДБ-ның Қарағанды облысы бойынша өкіл имамы, облыстық Әнет баба мешітінің Бас имамы Естай Айтуғанұлымен сұхбаттасқан едік. Ол Рамазан айына дайындық барысын айтып, еңсерілген міндеттерге, атқарылған жұмыстарға да тоқталды.

– Биыл пітір садақасының мөлшері жан басына шаққанда қанша және Қадір түні, Ораза айт қашан?

– Пітір садақасының мөлшері жан басына шаққанда – 655 теңге. Бұл мөлшер Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының төрағалығымен өткен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Төралқа мәжілісінде бекітілді. Қадір түні – наурыз айының 26-сынан 27-сіне қараған түні. 30 наурыз – Ораза айт. Өздеріңізге белгілі, бүгінде технологиялар қарыштап дамып, тіршілігіміздің жеңілдеуіне едәуір ықпал етуде. Мәселен, пітір садақаны Kaspi.kz, Halyk Homebank, ForteBank, БанкЦентрКредит, Astana Plat, Bereke Bank мобильді қосымшалары арқылы беруге болады.

– Жалпы, Рамазан айына дайындық қалай жүріп жатыр?

– Дайындық қарқынды жүріп жатыр. Жылдағыдай төралқадан тиісті тапсырмалар мен нұсқауларды алдық. Жергілікті әкімдіктердің көмегімен қасиетті айға қатысты баннерлер мен ақпараттар ілініп, мешіттер безендірілуде. Күрделі жөндеуді қажет ететін мешіттерге баса мән берудеміз. Рамазан айында тарауық намазына келетіндердің қатары қалың болатыны белгілі. Осыған байланысты мешіттердегі тазалықтың сақталуын қатаң бақылауда ұстаймыз.

– Бұрындары Құран хатым түсіретін қарилерді көршілес елдерден алдыртатын едік. Қарилер өңірімізде әлі де тапшы ма?

– Рамазан айы кезінде облыстағы барлық мешіттерде Құран хатым түсіріледі. Мешіттер қарилермен қамтамасыз етілген. Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының нұсқауымен Түркиядан бір қари шақырттық. Басқасының бәрі – Қазақстан Республикасының азаматтары. Өңірімізде қарилер тапшылығы бар. Өйткені, қарилерді даярлайтын орталығымыз жоқ.

– Қазір облыста қанша мешіт бар?

– Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының жұмыс жоспарына сай өңірде 131 мешіт халыққа қызмет көрсетеді. Соның ішінде 8 мешіт жаңадан бой көтерді. 22 мешіт күрделі жөндеуден өтті. Сондай-ақ қазіргі таңда 12 мешіттің құрылысы қарқынды жүріп жатыр.

– Дін қуатты болсын дегенімізбен, өкінішке қарай, діннен ат-тонын ала қашатындар жоқ емес. Оған теріс діни ағымдардың қанат жаюы – негізгі себеп екені өзіңізге белгілі. Бүгінде әлеуметтік желіде «мешіттерге дін қызметкері қалай тағайындалады, шарттары қандай?» деген сұрақтар қойылып жатады.

– Имамдар әлбетте бас мүфтидің, облыстағы бас имамның бұйрығымен тағайындалады. Әуелі имамдар аттестаттаудан өтеді. Құран, шариғат, фиқх, ақида бойынша сынақтан өтеді. Жаназа мен жұма намазын өткізе ала ма, жоқ па? Басқа да мәселелерге баса назар аударылады. Бір сөзбен айтқанда, жамағатқа уағыз айтатын, үйренемін дегенге дін әліппесін үйрететін маманның кандидатурасы мұқият қаралады.

– Облысқа бас имам болғалы екі жарым жылдан астам уақыт өтіпті. Осы уақыт ішінде қандай өзгерістер болды?

– Біршама өзгерістер болды деп айта аламыз. Мәселен, 2023 жылы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының бекіткен бес бағытын жүзеге асыруда бірінші орынға шықтық. Дін мен дәстүр, діни оқу-ағарту, иқсан, насихат, жат діни ағымдардан сақтану, қоғамды ізгілендіру секілді мәселелер қамтылды бес бағытта. «Бес бағыт үздігі» деген марапат алдық. Бізде 29 сектор бар. Былтыр 17 облыс, 3 мегаполистің ішінен «Үздік өкілдік» аталымы бойынша жеңіске жеттік. Бұл – мүфтияттағы ең жоғарғы аталым. Бас имам болып тағайындалғанда, 78 мешіттің құжаты түгел емес еді. Бүгінде 49 мешітті жеке және заңды тұлғалардың атынан Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына тіркедік. Бұл да ауқымды жұмыстардың қатарында. 170-ке жуық діни қызметкер бар еді. Қазір 240-қа жуықтайды. Шамамен 70 маманды қызметке алдық. 20-ға жуық мешіт есігін айқара ашты. Жиырмадан астам құлшылық үйінің құрылысы жүріп жатыр. Өткен жылғы Құрбан айтта 5 мың балаға қуаныш сыйлаған мереке ұйымдастырылды. 60 мыңға жуық студентке ауызашар себеттері берілді. «Ел үлесі – пәтерге» жобасы аясында 4 отбасыға 33 300 000 теңге көлемінде баспана берілді. Сонымен қатар, имамдарға арналған қызметтік пәтер салу бастамасымен 36 пәтерлік үйдің іргетасы құйылып, құрылысқа әзірге 42 190 000 теңге қаражат жұмсалды.

Шахтинск қаласына қарасты Новодолинка ауылында, Поселковая көшесі, 9/1 мекенжайында тұратын отбасы ақпан айының басында өрт салдарынан баспанасыз қалған еді. Қиын жағдайда қалған отбасыға көмек көрсету мақсатында жомарт жандар бірлесе әрекет етіп, баспана алу үшін қажетті қаражат жинады.

Негізгі міндетіміз – халықтың ынтымақ-берекесін арттыру.

– Істеріңізге береке тілейміз! Дін қуатты болсын! Сұхбаттасқаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз!

Сұхбаттасқан
Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Қапы қалмас үшін...

Қарқаралы таулы жер болғандықтан қар мол жауады. Көктем жақындап қалғанда күн күрт жылынып кетіп, қарғын суға қарық болу қаупі аудан орталығының өзінде жоғары. Сондықтан, қыстың соңындағы ашық күндері қала көшелерін тазалау дәстүрге айналған.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жылдағы әдетпен Қарқаралы қаласының көше тазалығына жауапты төрт мердігер кәсіпорын қар тазалау жұмыстарын жүргізуде. Жұмысты олар өткен аптада бастаған болатын. Осы аптада жалғастырып, сәрсенбінің соңына дейін 2700 текше метр қарды қала сыртына шығарды. Әсіресе, көше жолдары, алаңдар, автотұрақтар, жаяужүргінші жолдары, мектептер мен балабақшалардың маңайы, Орталық саябақ пен қаладағы ескерткіштердің айналасы ерекше назарға алынды.

Маңызы үлкен жұмысқа 14 арнайы техника мен ондаған жұмысшының күші жұмылдырылды. Көше тазалығына жауапты мердігер кәсіпорындардың жұмысын Қарқаралы қаласы әкімінің аппараты үйлестіріп, іскерлік көрсетуде.

ТОО « AIBALTA – 2024»
Все виды охранных услуг государственных и коммерческих предприятий
Ерубаева, 34, оф. 307, тел.: 8 7011739087, 8 7003949800.
Лицензия №24033840, выданная 26.11.2024 года
ГУ «Департамент полиции Карагандинской области МВД РК». МВД РК.
д

ТОО «Кредитное товарищество «Бейбарыс» объявляет о продаже доли в УК 0,700 % участников КТ. Участники Кредитного товарищества пользуются преимущественным перед третьими лицами правом покупки доли или её части при её продаже кем-либо из участников. Обращаться по адресу: г. Караганда, ул. Сатыбалдина, д. 29/2, офис №1, тел. 8 7212 397412
№33

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 2025 жылдың 12 наурызынан бастап, **«Қарағанды-Қарқаралы-Аягөз» автомобиль жолының (136,1-320,0 км) көпірінің (II, «Тұндық» өзені арқылы) құрылыс конструкцияларын қалпына келтіру»** жобасы бойынша қоғамдық талқылау форматында қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.

Ықпал ету аумағы: Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Бақты а., учаскенің географиялық координаты:

Бұрыштық нүктелер	Бұрыштық нүктелердің координаттары					
	Солтүстік ендік			Шығыс бойлық		
	Гр.	Мин.	Сек.	Гр.	Мин.	Сек.
1	49	25	15,31	76	5	16,66

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС: 05014000656. Өкілі: А.С.Аманкелдина, тел. 8(7212) 957401.

Әзірлеуші: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты. БСН: 060641009902. Өкілі: Ж.Ю.Чащина, тел. 8 (7172) 557672, эл. мекенжайы: Zhanna.Chashina@kazakhmys.kz.

Жоба материалдары ecoportal.kz сайтында орналастырылған және ескертулер мен ұсыныстар беру үшін оларды орналастырған күннен бастап https://ecoportal.kz сілтеме бойынша 5 жұмыс күні ішінде қолжетімді болады.

Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпаратты, жария талқылаулар жүргізуді, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін Zhanna.Chashina@kazakhmys.kz электрондық пошта және 8 (7172) 557672 телефон нөмері арқылы сұратуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Корпорация Казахмыс», сообщает, что проводит общественные слушания в формате публичных обсуждений по проекту **Восстановление строительных конструкций моста (II, через реку «Тундык») автомобильной дороги «Караганда-Каркаралинск-Аягоз» (136,1-320,0 км)** с 12 марта 2025 года.

Территория воздействия: Карагандинская область, Каркаралинский район, с. Бакты, географические координаты участка:

Угловые точки	Координаты угловых точек					
	Северная широта			Восточная долгота		
	Гр.	Мин.	Сек.	Гр.	Мин.	Сек.
1	49	25	15,31	76	5	16,66

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН: 05014000656. Представитель: Аманкелдина А.С., тел.: 8(7212) 957401.

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН: 060641009902. Представитель: Чащина Ж.Ю., тел. 8 (7172) 557672, эл. адрес: Zhanna.Chashina@kazakhmys.kz.

Материалы проекта размещены на сайте ecoportal.kz и будут доступны с даты их размещения для предоставления замечаний и предложений в течение 5 рабочих дней по ссылке https://ecoportal.kz.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении публичных обсуждений, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл. адресу Zhanna.Chashina@kazakhmys.kz и номеру телефона 8 (7172) 557672.
д

Еске алу

Аяулы аға, арқасүйер әке, асқар тау ата **Төлеуғали Қасымұлы БОСТАНОВТЫҢ** бақиға өткеніне де сегізінші жылға аяқ басты.

Көңілімізге сағыныш сезімін ұялатқан асыл жан 1940 жылы Мойынты кентінде дүниеге келген. Ұзақ еңбек жолын темір жол бойына жұмыс жасауға арнаған жан ауыл әкімі, аудандық, облыстық мәслихатқа депутат болды.

Асыл жары Күлпанмен 2 қыз, 1 ұл тәрбиелеп өсірді. Соңынан қалған жалғыз ұлы Жақсылық әке жолын қуып, ұзақ жылдар темір жол бойында еңбек етуде. Қыздары Айнұр мен Нұргүл де – еңбек адамдары.

Төлеуғали Қасымұлы айналасындағы ағайындарға, бауырларына жанашыр аға, ақылшы жан болды. Көкірегі ояу, шыншыл, ештеңеге бейжай қарамайтын.

Артында қалған жақын жуықтары мен ұрпақтары рухына бас иіп, артта қалған ұрпақтарына ұзақ ғұмыр берсін деп тілейміз!

Теңеймін Күнге мен сені,
Биіктен көрдім тағыңды.
Асқар тау әке еңселі,
Өзіңді балаң сағынды.

Бақытым болып қалауың,
Басыңнан талай өткен сын.
Намыстың жарық алауын,
Жүрекке жағып кеткенсің.

Еске алушылар: **Бостаннан тараған туған-туыстары**, інілері – **Жұбайғали**, **Кенжеғұл**, қарындастары – **Қапипа**, **Шарапияш, Батиха, Бәтжан, балалары, немерелері.**
№101

Еске алу

Қарқаралы ауданы, Бесоба ауылының тұрғыны, елдің сүйіктісі, он алты құрсақ көтерген Ардақты ана, халқы қадірлеген **Бәтен (Бәтима) Қаппарқызы БУРНАЕВАНЫҢ** бақилыққа аттанғанына бір жылдың жүзі болды. Жүрегі жылы аңқылдаған аяулы жан, алтын қолды шебер адам болған еді анамыз. Өткен жылғы Алғыс айту күні «Халқыма ризамын! Көп рахмет!» деді де, аттанып жүре берді.

Анамызға бір жыл толды бүгінде,
Наурыз айы, Алғыс айту күнінде.
Қамығамыз, зарығамыз, амал не,
Сағыныштар жатыр жүрек түбінде.

Дақ түсірмей ізгілікті қалпына,
Зор өнеге тастап кетті артына.
Бәрімізбен хош айтысып сол күні,
Разымын деп өтті анам халқыма.

Қайран көңіл қайғы жұтқан шерменде,
Аласұрып жатыр жүрек кеудемде.
Анашымды сағынамыз әрдайым,
Ақ жаулықты аналарды көргенде...

Уақыт зулап жетті міне, жылыңыз,
Жәннат бақта шалқысыншы нұрыңыз.
Топырағыңыз мамық, қабіріңіз жарық боп,
Рухыңызбен қорғап, қоршап жүріңіз!

Сағына еске алушылар: **балалары, немерелері, шөберелері, жиендері** мен **жиеншарлары.**
№113

Еске алу

Асқар таудай әкеміз, кісілігі келісті, үлкен әулеттің көшбасшысы, отбасының тірегі, жүрген ортасының көркі болған біртуар азамат **Майдан АЛПЫСБАЕВ** тірі болғанда 1 наурыз күні 80 жасқа толар еді. 1945 жылы 1 наурызда Абралы өңірінде дүниеге келіп, барлық еңбек жолын Қарқаралы ауданына қарасты Қарағайлы кентіне арнады.

Алғашқы еңбек жолын «Еңбек» совхозының шеберхана меңгерушісі болып бастап, іле «Прогресс» совхозының бас инженерлік қызметін атқарады. Шаруашылықтан қол үзбей Целиноград ауыл шаруашылығы институтының инженерлік бөлімін 1978 жылы, Ленинград тау-кен институтының «Пайдалы қазбалар кен орындарын барлау техникасы мен технологиясы» бөлімін 1982 жылы тау-кен инженері мамандығы бойынша аяқтап шығады. Артынша Айрық совхозының бас инженері, кейін Қарағайлы ауыл шаруашылығы кәсіпорынның Бас инженері қызметін атқарып, қызметін сатылап өсіре отырып, Қарағайлы геологиялық барлау экспедициясы бас механигі бола жүріп, жоғары өндірістік көрсеткіші үшін Құрмет грамотасымен марапатталады.

Қоғамдық белсенділік танытып, «Центрказгеология» бірлестік өнерпазы қатарында «Геология конкурсы жеңімпазы» грамотасымен марапатталады.

1986-1990 жылдары Қарағайлы кентінің ауданаралық техника мен құрал-саймандарымен жабдықтау мекемесінің Бас инженері, База Директоры қызметтерін атқарды.

Шырақ едің, сәуле едің, ай едің,
Жаның толы мейірімді бай едің.
Ілім, білім, тәрбиемен қаныққан,
Үлгі алар ер атына сай едің.
Жадымызда өшпес мәңгі әкешім,
Анаға жар, ал, біздерге әкесің.
Немерең де, шөбере мен шөпшегің,
Бәрі сені сағынуда, әке, шын.

Зымырап өтіп жатқан шіркін уақыт десеңізші! Кеше ғана ортамызды толтырып, жан-жағын жинақтап жүрген 6 баланың әкесі, 12 немере, 5 шөбересінің қызығын тамашалай алмай 2007 жылы өмірден өтті. Жатқан жерің жайлы, жаның жәннатта, иманың жолдас болсын, жан әке.

Еске алушылар: жұбайы – **Бақыт, балалары, немере-шөберелері**.
№105

● МӘДИ БӘПИҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 145 ЖЫЛ

Мәдидің мәңгі мұрасы

Қарағандыдағы «Сарыжайлау» кинотеатрында «Ел еркесі – ер Мәди» деген атпен халық композиторы, әнші, күрескер ақын Мәди Бәпиұлының туғанына 145 жыл толуына орай әдеби-танымдық іс-шара өтті.

Оны ұйымдастырған Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхананың өнертану бөлімі жиналған қауымға мереке кейіпкерінің өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат беруді мақсат етіпті. Өйткені, мұнда келгендердің көпшілігі болашақ кенші студенттер екен.

Мәдени іс-шара белгілі әнші, өнертанушы һәм киногер Ерлан Төлеутай түсірген «Мәди» деректі телефильмімен басталды.

Әнші-композитордың төл шығармаларымен әдіптелген кинокартина көрермендерге оңды әсер етті. Одан кейін соңғы ширек ғасырдың көлемінде Мәди Бәпиұлының өмірі мен шығармашылдығы туралы бірнеше еңбек жазған қаламгер, Қазақстанның Құрметті журналисі, Мәдениет қайраткері Ермек Балташұлы композитордың туып-өскен ортасына, талайлы тағдырына қатысты деректермен бөлісті.

Жиынға қатысқан еңбек ардагерлері, Қарқаралы ауданына қарасты Едірей ауылының тумалары Мақсұт Жұмашұлы мен Құсайын Өсенұлы Мәди жайлы қариялардан естіген естеліктерін айтты.

Шараның соңында кітапхана қызметкерлері «Жарқын бейне» деген атаумен Мәдидің әндері және ол туралы жарық көрген шығармаларды арқау еткен әдеби-танымдық викторина өткізді. Сұрақтарға жауап бергендер тиісті тарту-таралғыларға ие болды.

Жиналған үлкен-кіші мазмұнды іс-шара өткізген кітапхана қызметкерлері Балжан Оспанқұлова, Мақпал Түсіпбаева және Нәзия Төребековаға алғыс айтып тарасты.

P.S. Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының өнертану бөлімі осының алдында әнші-композитордың туғанына 145 жыл толуына байланысты «Ел еркесі – ер Мәди» атауымен подкаст түсірген еді. Ол бір аптаға толмайтын уақыт ішінде мың қаралым жинапты. Халықтың Мәдиге деген ықыласы осындай.

Өз тілшімізден

СУРЕТТЕ: *«Ел еркесі – ер Мәди» атты әдеби-танымдық іс-шарадан көрініс*

Достықты ту еткен дода

Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына – 30 жыл. Осы атаулы мерекеге қатысты бірқатар шара қолға алынуда. Соның бірі – облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының ұйымдастыруымен Қарағанды қаласындағы орталық саябақта өткен жаппай шаңғы жарысы.

Жаппай сайыс атануы себебі – жарысқа он жастағы оқушыдан бастап, зейнеткерлерге дейінгі барлық тілек білдірушінің қатысуында.

Бірнеше жас санатында 300-ге жуық қатысушы 1,5 шақырым қашықтықты жылдам басып өтуге барын салды.

Жарыстың бас төрешісі Нұрислам Берімовтің айтуынша, жарыс саламатты өмір салтын насихаттауға бағытталған.

– Шаңғы жарысы екінші жыл қатарынан өткізіліп келеді және қарағандылықтардың қызығушылығын тудыруда. Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы аясында ұйымдастырылды. Жарыс дәстүрге айналады деп үміттенеміз, – деді ол.

Алдымен жарыс жолына 4-6 сыныптың ұлдары мен қыздары шықты. Ұлдардан №8 мектептің оқушысы Илья Дорожкин, қыздардан осы мектептің оқушысы Екатерина Новикова мәре сызығын бірінші болып кесіп өтті.

7-8 сыныптың ұлдары һәм қыздары арасында №8 мектеп оқушысы Арафат Серіков, қыздардан қарқаралылық Ангелина Корнукий бірінші орынды иеленді. 9-11 сынып оқушылар арасындағы бірінші орын ұлдардан Әмір Жеңісұлына, қыздардан №40 мектептің білім алушысы Марина Кочетковаға бұйырды.

– Мен шаңғы спортын жақсы көремін. Осындай жарыстарға қуана қатысамын. Жарыс керемет өтті. Таза ауада шаңғымен жарысып, бірінші орын алып, қуанып қайттым, – дейді №8 мектеп оқушысы Арафат Серіков.

Ардагерлер арасындағы жарыс та тартысқа толы болды. Әйелдерден бірінші орынға №8 мектеп атынан қатысқан Елена Тян, ерлерден теміртаулық Кирил Акмурзин жайғасты. Ардагерлер арасындағы жарысқа 73 жастағы марафоншы Төлеутай Жаманбек қатысқанын да атап өткен жөн.

Колледж студенттерінің ұлдарынан Саран техникалық колледжі студенті Иван Соколов, қыздардан Қарағанды техника-құрылыс колледжінен Сандра Сабитова топ жарды.

Жоғары оқу орындары студенттерінің ұлдары арасында Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінен Рамазан Дүйсен бірінші орын алса, қыздар арасында жеңімпаз шықпады.

Соңғы ерлер мен әйелдер жарысында ерлерден Виталий Савин, әйелдерден Шахтинск қаласынан келген Ботакөз Дүйсембай оза шапты.

Ботакөз Дүйсембайдың айтуынша, жарыс жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Облыс тұрғындарын өзара татулыққа, достыққа, саламатты өмір салтын насихаттауға арналған осындай іс-шараның жиі өткенін қалайтынын да жасырмады.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер грамотамен және медальмен марапатталды. Барлық қатысушыға сертификат берілді.

Мөлдір МҰРАТБАЕВА,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды зерттеу
университеті
журналистика бөлімінің
IV курс студенті

Сурет облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасынан

● ҮСТЕЛ ТЕННИСІ

Төрге оздырған төрт алтын

Өскеменде үстел теннисінен Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. 2006 жылы туғандар арасында өткен чемпионатта облысымыздың теннисшілері қоржынға он медаль салды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қоржында төрт алтын, үш күміс және үш қола. Оның үшеуін Альбина Жақсылықова жеңіп алды.

I орынды – Альбина Жақсылықова, Виктория Мочалкина, Дарья Фу, Екатерина Охмак және Мария Лукьянова иеленді. Қыздар арасында жеке разрядта Альбина Жақсылықова үздік атанды. Қыздар арасындағы жұптық сайыста Виктория Мочалкина мен Дарья Фу да қарсылас шақ келтірмеді. Аралас жұптық разрядта Мария Лукьянова мен Қыдырәлі Қабдылуахитов (Павлодар облысы) жеңіске жетті.

II орында – Алан Құрманғалиев, Әмір Торғайбеков, Асылхан Мағзұмбеков, Арсен Қабдулов, Райымбек Келбуғановтар.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Қыздар арасындағы жұптық сайыста Альбина Жақсылықова мен Мария Лукьянова күміс медальді місе тұтты. Жеке разрядта Виктория Мочалкина II орын алды.

Жеке разрядта III орынды Дарья Фу иеленді. Ерлер арасында жұптық разрядта Әмір Торғайбеков мен Ши Дан Ян (ШҚО) III орынға табан тіреді. Аралас жұптық разрядта III орын Виктория Мочалкина мен Арнұр Оралхановқа бұйырды (ШҚО).

● ВЕЛОСПОРТ

Велошабандоздар жеңісі

Малазияның Нилай қаласында велотректен өткен Азия чемпионатында қарағандылық спортшылар қола жүлдегер атанды. Олардың қатарында Илья Карабутов, Кирилл Курдиди және Максим Хорошавин бар. Сондай-ақ, жасөспірімдер арасында бақ сынаған Аружан Қабдулова мен Динара Көпжасарова алтын алды.

Іріктеу кезінде жерлестер үшінші болып мәре сызығын кескен еді. Ал, финалда 03:59.215 уақыт көрсеткішімен чемпионаттың қола жүлдегерлері атанды. Бұл сайыста Оңтүстік Корея спортшылары топ жарды. Екінші болып жапондықтар мәре сызығын кесті.

Аружан Қабдулова мен Динара Көпжасарова жасөспірімдер арасындағы командалық сайыста өнер көрсеткен. Нәтижесінде, жерлестеріміз қарсылас шақ келтірмей Азия чемпионы атанды.

Лаура АМАНТАЙ,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды зерттеу университеті
журналистика бөлімінің
IV курс студенті

● ХОККЕЙ

«Алматыдан» айласын асырды

«Сарыарқа» клубы ел чемпионатының плей-офф кезеңіндегі «Алматы» клубына қарсы үшінші кездесуінде жеңіске жетті. Бұл жолы жерлестер қарсыластарынан 3:4 есебімен басым түсті. Ал, жалпы үш кездесу бойынша есеп – 1:2. Алда әлі екі ойын бар.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Екі кездесудің қорытындысы бойынша қарсыластарына есе жіберген жерлестердің бұл жолы қателесуіне болмайды. Себебі, алматылықтар үшінші ойында да жеңіске жетсе, келесі кезеңнің жолдамасын алып кетеді. Сондықтан, қарағандылықтарға міндетті түрде үшінші ойынды жеңу керек болды.

Не дегенмен де, алматылықтар осы сезонға мығым дайындықпен келіпті. Жерлестерімізді де алғашқы екі кездесуде сан соқтырып кетті. Қарсыластар әдетіне басып, үшінші кездесуде де алғашқы болып есеп ашты. 11-ші минутта көзге түскен – шабуылшы Станислав Рангаев. Шабуылды өздері бастады да, соңын нәтижелі аяқтады. Бірақ, 15-ші минутта қарағандылықтар сапынан қорғаушы Иван Верещагин таразы басын теңестірді. Осылайша бірінші айналымда қос команда 1:1 есебімен тарқасты.

Екінші айналымда ойын қыза түсті. Әуелі жерлестер сапынан Артем Валеев 22-ші минутта шайба салып, командасын алға шығарған еді. Араға бес минут салып, қарсыластар сапынан Владислав Туник таразы басын қайта теңестірді.

12-ші минутта жерлестер қайта бір шабуыл ұйымдастырды. Шабуыл барысында Егор Кузьменко әріптесі Тимур Шингареевке пас беріп үлгерді. Ол алдына келген шайбаны қақпаға тура бағыттап, есепті 2:3-ке жеткізеді. Алматылықтар ойынның аяқталуына төрт минут қалғанда есепті қайта теңестірді. Бұл айналымда да қос қарсылас тағы тең тарқасты. Таблодағы көрсеткіш – 3:3.

Үшінші айналымда қос команданың жасаған соққылары қақпаға дарымай, есеп өзгермеді. Ал, кездесу овертайм уақытына ұласты. Жерлестер бұл жолы келген мүмкіндікті мүлт жібермей, шешуші шайбаны қарсылас қақпасына тоғытты. Осылайша, жерлестер қарсыластарын үшінші кездесуінде жеңіп кетті. Бұл дегеніміз, келесі кезеңнің жолдамасын алуға әлі де мүмкіндігіміз бар деген сөз.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС
Директор **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары **Оксана Вячеславовна МЯГКИХ**
Директордың орынбасары **Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА**
Бас редактор **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары **Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы **Ж.Қ. ШАЛҚАР**

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;
Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.
Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412
Таралымы 4 706
№23 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.
Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Салтанат ІЛИЯШ**